# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Мен үшін тәуелсіздігіміздің мәні мен маңызы, біздің ұлан-ғайыр жеріміз және сол жерде емін де еркін өмір сүруіміз. Тәуелсіз мемлекетті сыйлаған ата-бабаларымызға мың алғыс. Бұл тәуелсіздік бізге оңай жолмен келген жоқ. Бұл жолда қаншама батырларымыз құрбан болды. Біздің тәуелсіз мемлекет болуымыз халқымыздың ең үлкен байлықтарының бірі. Тәуелсіздігіміздің маңызын көп адамдар түсіне білмейді. Біздің еліміз тәуелсіз ел деген сөздің өзі барлығымыздың жүрегімізге қуаныш сыйлайтын бақыт болуы керек. Әлемде 200-ден астам мемлекет бар. Соның ішінде тәуелсіз және жер көлемімен тоғызыншы орында болу бұл үлкен жетістік. Тәуелсіздікке ұмтылу жолында ата-бабаларымыз қаншама қиын кезеңдерді, замандарды өтті. Осының барлығы тек біртұтас мемлекет болып, келер болашаққа бостандық өмір сыйлау үшін еді. Ал осы тәуелсіздікті әрі қарай сақтай аламыз ба? Ол болашақ ұрпақтың қолында.

Тәуелсіздігіміздің нышандарының бірі бұл біздің кең байтақ жеріміз. Біз Орталық Азияның ішінде ойып тұрып орын алған еліміз. Тәуелсіздігіміздің нышандарына, біздің ана тіліміз қазақ тілінің болуы. Өз дініміз, ұстанатын әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз жатады. Біздің өз әнұранымыз, елтаңбамыз және тәуелсіздігімізді айғақтайтын көк туымыз бар. Тәуелсіздікке ұмтылу жолында қанша хан, сұлтандар ерлік көрсетті. Ең алғаш болып ел болуымызда келесі Керей мен Жәнібек сұлтандар еді. Қазақ елін біріктіру оларға 1465 жылдары тиесілі болды. Олардан кейін көптеген хандар тәуелсіздігімізді, елімізді сақтай білді. Мысалы, Қасым хан тұсында еліміз бейбіт күндер кешіп, халық саны 1 млн-нан асты. Абылай хан болса үш жүзді біріктіре білді. Осы уақытта ата-бабаларымыз соғысқа «Алаш» сөзімен бастап кірген. Еліміз ең алғаш жетістікке қол жеткізіп, көптеген қазақ рулық тайпаларды Керей мен Жәнібекке қосылып, мемлекетіміз құрылған. Кейіннен XVII ғасырларда Патша үкіметінің басымдығымен, еліміздің Ресейдің қол астына өтуіне жетеді.

Еліміз Қазақстанның тәуелсіздігінің қалыптасуына көптеген тарихи оқиғалар, XVII-XVIII ғасырлардағы көтерілістер әсер етті. Мысалы, Исатай мен Махамбеттің көтерілісі, Бөкей Ордасындағы көтерілістер т.б. Патша үкіметіне жасалған көптеген көтерілістер өз нәтижесін беріп тәуелсіздік алуға жетеді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Және де екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде еліміздің соғысқа қосқан көп үлесі де еліміздің бізге тәуелсіздік беруіне әкелді. Біздің мемлекетіміз көптеген көтерілістер арқасында тәуелсіздікке жетті. Қазір біздің тұрақты бекітілген шекарамыз, қабылданған заңдар жинағы Конституциямыз бар. Заңдар жинағы бұрынғы заманда да болған. Сол күнде ол «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталған. Тәуелсіздікке жету жолында қазақ зиялыларының еңбегі көп болды. Олар тәуелсіздік деп шырылдап, сол жолда құрбан болды. Олар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сәкен Сейфуллин т.б. Мағжан Жұмабаев атамыз халқымыздың еңсесін көтеру үшін, халықтың тәуелсіздікке жетуі үшін жұмылуы етуі керектігі үшін «Оян Қазақ» өлең жолдарын шығарған. Біз ешқашанда бізге Тәуелсіздікті оңай жолмен келмегенін есімізде сақтау керекпіз. Тәуелсіздігімізді, бостандығымызды әр күн бағалап, қастерлеуіміз керек. Біздің Мемлекетіміздің атауының өзі «Қазақ» термині еркін, тәуелсіз деген мағынаны береді. Мұны ешқашан ұмытпауымыз керек.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

*Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника* Парақ / Страница № ____

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | ✓ | |
| 2 | | ✓ | | |
| 3 | | ✓ | | |
| 4 | ✓ | | | |
| 5 | ✓ | | | |
| 6 | | ✓ | | |
| 7 | | ✓ | | |
| 8 | ✓ | | | |
| 9 | ✓ | | | |
| 10 | | | ✓ | |
| 11 | | ✓ | | |
| 12 | ✓ | | | |
| 13 | | ✓ | | |
| 14 | | ✓ | | |
| 15 | ✓ | | | |
| 16 | | ✓ | | |
| 17 | | | | ✓ |
| 18 | | | | ✓ |
| 19 | | | | ✓ |
| 20 | | | | ✓ |

*Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять*